

АРХИВ ХИКАЯСЫ

Көшеде кездейсоқ ұшырастық. Бір қалада тұрсақ та көріспегелі жылдан асыпты. Сол қалпы. Былтырғы емес. Алдыңғы жылғы емес. Бұдан он жыл бұрын, біз аспирантурада оқыған кездегі қалпы. Маңдайын сындыра, көзге түсіре киген фетр шляпа. Иектей, салқам оралған қара ала шарф. Күздік шолақ пальто. Тар балақ шалбар. Ұлтаны қалың, тікпетабан туфли. Қара былғары биялайын сол қолына немқұрайды ұстаған. Мода жаңарады, жыл мезгілдері алмасады – бірақ Сембек үйреншікті қалпынан жазбайтын. Күзгі жаңбырда да, қысқы аязда да дәл осылай жүрер еді. Тек киім киісі ғана емес. Тұр-тұлғасы, мінез-құлқы, тіпті ақыл-ой, таным, білім дәрежесі де мен көрген он жыл ішінде бір мысқал өзгерген жоқ.

Ал ең алғаш танысқанда мен бұл жігіттің үлкен ғылыми атақ, зор болашақ күтіп тұрған ғажайып адам екеніне күмәнданбағам. Жасы жиырма екіде. Тарих факультетін үздік бітіріп, Ғылыми кеңестің шешімі бойынша аспирантураға қалдырылған. Орысша, қазақша бірдей. Неміс, ағылшын тілдерін де тәп-тәуір біледі екен. Қазір парсы, араб тілдерін үйреніп жүрген көрінеді. Содан соң қытай тіліне ауыз салмақ. Мен де жиырмадан жаңа асқам. Мен де университетті үздік бітіргем. Мен де... Мен де... Бір сөзбен айтқанда, кеудем көріктей еді. Сонда да Сембектің өзімнен артықшылығын, оның шын ғылым адамы екенін көп ұзамай-ақ іштей мойындадым. Рас, мамандығымыз әр түрлі, оның үстіне тілге қабілет – ғылымға қабілетпен парапар нәрсе деуге болмайды. Мені таңырқатқан Сембектің алғырлығы емес, тереңдігі еді. Шетсіз, шексіз эрудициясы еді. Көп ұзамай ол отырған жерде өз пәнім – филология төңірегінде сөз айтудан қалдым. Тек мен ғана емес, жатақханадағы бүкіл аспиранттар қауымы Сембекті пір тұтатын. Оның мезгілінен бұрын қорғайтынына, көбіміз әлі кандидаттықты тәмамдай алмай жүргенде докторлықты да дөңгелетіп тастайтынына ешкім шәк келтірмеген.

Жастық шақ – адамның сезімге басыбайлы кезі. Тез берілеміз, алаңсыз құлаймыз – қолма-қол айнымыз, жеріп сырт айналамыз. Бір жыл өтті, екі жыл өтті – Сембектің елден ерек туған данышпандығына күмән көбейді. Үшінші жыл орталанғанда бәріміз де оның жұпыны жан, тіпті көбімізден төмен тұлға екендігіне көзімізді жеткізгендей болдық. Соншама уақыт ішінде екі-ақ минимум тапсырды. Бірде-бір мақала жариялатқан жоқ. Тіпті диссертациясын әлі бастамапты да. Жалқауланды ма, ішкілікке салынды ма, серілік жолына түсті ме – жоқ, жоқ, жоқ. Күн-түн демей кітапханаларда, архивтерде отырды. Екі рет Қазанда, бір реттен Москва, Ленинградта болып қайтты. Бәрібір түк шығара алмады. Ақыры, тұрғылас жігіттердің көбі аспирантураны бітіре қорғап, қорғамағандары жақындап, жұмыстары ыңғайланған соң академияға, жоғары оқу орындарына кетіп жатқанда Сембек үш минимумын өткізіп, аспирантураның теориялық курсын аяқтады деген бір жапырақ жадау куәлікпен орталық архивке қатардағы қызметкер боп орналасты.

Екеуміз жаһаттас дос болмағанмен, жақсы қатынаста едік, ара-тұра көшеде кездесіп қалғанда бас изесіп өте шықпай, қол алысып амандасатынбыз. Үй-жай, бала-шаға, жұмыс туралы сұрасатынбыз. Дәлірек айтсам, тоқтайтын, қол беріп амандасатын мен едім де, анау-мынауды сұрастыратын ол еді. Кісіні менсінбей ме, әлде байқамай ма, қарсы алдында тұрсаң да көрмейтін, алдымен өзін сәлемдессең ғана ұйқыдан шошып ояғандай, қолыңды бас салатын. Әйеліңнің қызметін, бала-шағаның саулығын, докторлығыңның жайын жауап алғандай тәптіштеп, түгендеп шығатын. Ал сен оған мұндай сауалдар беруге батпайсың. Әйелі жоқ, әйелі болмаған соң бала-шағасы да жоқ. Кандидаттық диссертация қорғамағандықтан әлі докторлығына кіріспеген. Бір кездескенде сұрайсың, екі кездескенде сұрайсың, үш кездескенде сұрайсың – ақыры қоясың. Жалғызбасты адаммен, бәрінен мақрұм қалған адаммен сөйлесу өте ауыр. Мақсатына жете алмаған, сәтсіздікке ұшыраған жандар шамшыл келеді. Егер ондай кісімен өмір жолын бірге бастаған болсаң тіпті қиын. Сөйлеспеу мүмкін емес, ананы-мынаны сұрамау тағы ыңғайсыз. Сен бірдеңеге жеттің, ол ештеңе шығара алмады. Мардымсып тұр деп қалуы мүмкін. Бұл – таяқтың екінші басы.

Бір жақсысы, сыралғы жанға көзің түскен бетте-ақ дәл қазір не жөнінде айту керек, неден сақтану қажет – жазбай танысың. Он жылдың ішінде мен де Сембекті танып үйренген едім. Қол алысып, көптен көріспегенімізді айтысып, амандық-саулық сұрасып аз тұрған соң мен алғашқы әсерімнің алдамшы екенін, Сембектің бойында үлкен өзгеріс барын байқадым. Ақ құба өңі бұрынғыдан да бозарыңқы. Ер адамға тән емес жұқа ерні қатқылданған тәрізді; оң жақ ұртында кекесінді мысқыл ойнайды. Көзі жанарсызданып, мұрны қырлана түсіпті. Қалың каракасының қақ ортасынан терең әжім – маңдайын қақ бөлуге таяп барып жоғалатын жалғыз сызық пайда бопты. Бұрынғы әдетінше өзі ешқашан көрмеген менің әйелімнің денсаулығы, әлі мектепке де бармаған балаларымның қандай тілдерді үйреніп, қай салаға қарай бейімделіп жүргені туралы сұрастырған жоқ. Қолымды сүйектері тарам-тарам арық алақанына қос қолдай қысып ұстаған күйі бетіме қадала қарап үнсіз тұрып қалды. Бірдеңе айтқысы келгендей. Мен тосын хабар күттім. Алайда Сембек ештеңе айтпады. Кенет менің бетіме қадалған өлі жанарынан оның көңлі әлдеқайда, бөтен ел, бөтен планетада жүргенін, тіпті қарсы алдында кісі тұрғанын да ұмытқанын аңдадым. Сембек мені мысқылдағандай, жұқа танауы қусырылып, эзезіл күлкімен жымиды. Бірақ оның ойы әлі алыста еді.

- Денсаулығың қалай? — дедім бұдан әрі тұра беруге төзімім жетпей.
- А? – Сембек селк ете түскенде менің өзім де шошып қалдым.
- Жүдеп кетіпсің, — дедім, қолымды темір қышқаштан босатып алуға тырысып.
- Сәмет ақсақал дүниеден көшті, — деді ол.
- Сірә, жақын туысы болу керек. Көңіл айттым.

– Туысым емес, – деді Сембек. – Сен оны білесің. Архив басқармасында істеген. Оң аяғын сылтып басатын кішкентай шал бар еді ғой. Сол.

Мен білетін ем. Кісіге әманда көзін сығырайта, өз артықшылығын сезінген түрмен сынай қарайтын. Қағанақтай сары шал еді. Бірақ оның... бірақ ол...

– Ол кісі қайтыс болғалы...

– Дұрыс айтасың. – Ақыры қолымды босатты. Арық адамның мұндай күшті болғанын көрсемші. – Біз аспирантурада жүргенде. Міне, бүгін тура жеті жыл, тоғыз ай, жиырма күн болды.

Төбе құйқам шымырлап кетті. Сембек, қазақша айтқанда, оқу соғып, жүйке ауруына шалдығыпты деген сыбысты аспирантурада жүрген кезде-ақ естіген едім. Бұған сенбегенмен, көңілімде қашанда буалдыр күмән тұратын.

– Ол менен қорықты, – деді Сембек. – Жеңілетінін сезді. Сондықтан да ізін жасырды. Бірақ мен қазірдің өзінде онымен парапар еңбек еттім деп айта алам. Ал ол – ұлы ғалым еді. Сонда да адымын ашырмадым... Ол кісінің қолы жетпеген жерлер көп. Мен жетем оған. Білемісің қайда екенін? Стамбұл университетінің кітапханасында. Топ-Қапы сарайы. Сосын Британ музейінде...

Бас изеп келіскен сыңай таныттым да, кетуге беттедім.

Кенет Сембек мені иығымнан ұстап тоқтатып, бетіме шүбәлі жүзбен қарады да, қарқылдап тұрып күлді.

– Құдай ақы, осы қазір сен мені не мас, не сандырақтап тұр деп ойлайсың. Бәлки, тіпті біреулердің мені жын соғыпты деген сөзіне де нанатын шығарсың?

Мен олай емес деп сендіруге тырыстым. Кітапханаға бара жатқанымды, асығыс екенімді айттым. Көңлімде бөтен ой жоқ деп екі мәрте қайталадым.

– Мейлі, – деді күлкісі пышақ кескендей тыйылған Сембек. – Жұрт қалай ойласа олай ойласын – маған бәрібір. Алайда сен менің ескі көз досымсың. Сондықтан білуге тиіссің. Білуге тиіссің. Менің кім екенімді. Осы он жыл бойы не шаруамен айналысқанымды. Кітапханаға дейін шығарып салайын. Менің әңгімем бес-он минуттан аспайды.

– Аспирантураға жаңа түскен кезде қандай күшті болғанымды сен жақсы білесің, – деп бастады Сембек өзінің хикаясын. – Жұрттың бәрі менен үлкен іс күтті. Ғылым төріне жарқырап шығатыныма және көп ұзамай, екі-үш жыл ішінде шығатыныма өзім де күмәнданғам жоқ. Оған білімім де, ақылым да, қажыр-қайратым да жететін еді. Аспирантураға қабылданған соң жарты сағат өтпей архивте отырдым. Мен асықтым. Қатты асықтым. Демалыс дегенді, ойын-сауық, кино, театр дегенді білмедім. Күніне он бес-он алты сағаттан жұмыс істедім. Және сен білесің, мен бір сағатта басқа біреудің бес сағат, бес күн, тіпті бес ай істеуге тиіс жұмысын тындыра алатын едім.

Архивті қопаруға кіріскен алғашқы күннен бастап, өзімді бір адамның бақылауға алғанын аңғардым. Қандай іс, қандай тігінділерді ақтардым, оның қай тұсын оқып, қай жерін көшіріп жатырмын – ешқайсысы да назарынан тысқары қалған жоқ. Жанары өшкен кәрі көзін сығырайтып, анадайдан бір сәт қана қарайды немесе мойнын да бұрмастан қасыңнан өте шығады, әйткенмен мен оның қас қағым уақта өзіне қажет мәліметті алып үлгеретініне күмәнданбайтынмын. Басында таңырқап ем, келе-келе қызық көрдім, бірақ осы жаттанды көрініс күн сайын әлденеше рет қайталанып, айдан-айға созылып бара жатқан соң ызалана бастадым. Аңдушымды алжастыру үшін, тек алжастыру үшін ғана емес, мазақ ету үшін мен не қылмады дейсің. Өзіме мүлде қажеті жоқ істерді алдырдым, екі-үш папканы қатарынан алдыма жайып қоятын болдым – бірақ ол қашанда менің не іздеп отырғанымды, не қажетін, нені тапқанымды жазбай танитын. Архив жайын өзің білесің. Кейде өнімсіз тірлікпен әлденеше күн, тіпті ай бойы бос қармалануға тура келеді, кейде бір-ақ күнде жылдық азық болар мол қазынаның үстінен түсесің. Міне, аңдушым сәтсіз күндері менің маңыма жуымаушы еді. Мүлде көрінбейтін. Ал бірдеңенің шеті шығатын сағаттарда, – о ғажап! – төңіректен жүріп алатын. Мен өзіме жіпсіз байланған осы кішкентай сары шалдың көріпкелі барлығына сене бастадым.

Жазға салым менің жолыма гүл бітті. Архивтен қазақ тарихына қатысты, әлі еш жерде басылмаған, ғылымға белгісіз аса құнды документ таптым. Қолма-қол баспасөз бетінде жарияланары, мені қалың қауымға танытары, даңқ әкелері күмәнсіз дүние еді. Ғылым жолына жаңа түскен барлық жас жігіттер сияқты, мен ол кезде тым атаққұмар едім, аса тәкаппар едім. Қалайда көзге шалынуға, қалайда алға шығуға ұмтылатынымын. Бағым көтерілуге, жұрттан озуға мүмкіндік беретін жаңа дүниелер табатыныма, ғылымда соны соқпақтар салатыныма сенімді едім. Сондықтан да өзім ашқан жаңалықты заңды сыбаға ретінде қабылдадым. Әйтсе де қуанышымда шек жоқ-ты. Мұқият оқып шықтым. Фотокөшірмесін алдым. Қажетті жерлерін тегіс қазіргі үлгімен қағазға түсірдім. Шағын анықтама мақала жаздым. Бәрі дайын болды. Міне, дәл осы кезде қыс бойы ізімді баққан сары шалмен бетпе-бет кездесуіме тура келді.

Әбден етім үйренді ме, иә қызық соңында отырып оған назар аударарлық шамам болмады ма, соңғы күндері шалдың мені тым төңіректен кеткенін, бірер рет, тіпті, жаныма кеп тұрып алғанын аңдағанмен, жеткілікті мән бермеген ем. Әйтсе де, барлық шаруамды тәмамдап, архивтен шыға бере, сары шалдың мені есік алдында күтіп тұрғанын көргенде таңырқадым. Бұған дейін ол ешқашан менімен тілге келіскен емес-ті, ешқашан жолымды тосқан емес-ті. Мен оның қайда істейтінін, не кәсіппен айналысатынын да білмейтінмін. Қасынан өте бермек едім, шал “Ассалаумағалейкө-өм!” деп, екі қолын бірдей созып, ізетпен сәлемдесті. Бұрын жыл бойы күнде көрісіп жүргенде ешқашан амандаспағамыз. Бүгін күнұзақ бір бөлмеде отырғанда бас изеспегеміз. Күлкілі еді. Сонда да ақсақалдың сәлемін алдым. Тіпті, қысылып қалдым.

Сәлем беру жолы жасы кіші менен еді. Сырдесте болмаса да көзтаныс адам, алты ай қыста бір рет иек көтеріп, амандық ишаратын жасамаппын. Ақсақал мені ұялтқалы тұр екен деп ойладым.

Солай болғаны-ақ жақсы еді, бірақ шал әңгімені бөтен тараптан бастады.

– Сіз соңғы аптада жақсы жұмыс істедіңіз, – деді. – Құттықтаймын. Аса құнды документтің үстінен түстіңіз.

Мен ештеңе дей алмадым. Тек өзімнің алаңғасарлығыма, шалдың қасыма келе беруіне ертерек тыйым салмағаныма өкіндім.

– Енді не істемексіз? – деді шал. – Жариялатасыз ба?

– Әрине, – дедім де, автобус аялдамасына қарай тұра жөнелдім. Шалдан қалайда тезірек құтылмақпын. Бірақ шал қиралаңдай жүгіріп, қатарласты, алды-артымды орап, жүргізбей қойды. Енді менің шын ызам келді.

– Ақсақал, не ақыңыз бар, айтыңыз, – дедім.

– Алдымен тоқтаңыз, – деді шал.

Тоқтадым.

– Ал, айтыңыз. Сосын маңымнан аулақ жүріңіз.

– Ғафу, ғафу... – деді шал ентігін баса алмай. – Менімен бұлай сөйлесуге хақыңыз жоқ! Мен де сіз сияқты ғалым адаммын. Оның үстіне жасым үлкен. Сақал сыйлау деген қайда?

Мен кешірім өтіндім. Тым асығыс екенімді айттым.

Шал соңғы сөздеріме назар аударған жоқ. Қашып кетер дегендей, тырнағы өскен, ұзын, тап-таза, боп-боз саусақтарының ұшымен омырауымнан ұстап алды да, бетіме-бетін тақап, көзіме қадала қарады.

– Сіз мына, – иегімен менің қолымдағы портфелімді нұсқады, – документ туралы өзіңізден басқа ешкім білмейтініне сенімдісіз бе? Қолыңызды көкірегіңізге қойып айта аласыз ба, осы жаңалықты алғаш ашып отырған мына дөдең деп?

Мен ойланып қалдым.

– Аһа!.. – деді шал. – Айта алмайсыз. Өйткені бұл – сізден бұрын да белгілі нәрсе.

– Қайда, қашан жарияланған? – дедім мен. Ешқайда басылмағанына сенімді едім, әйтсе де, май ішкендей, жүрегім кілкіп қоя берді.

– Ешқайда ешқашан жарияланбаған.

Кенет көңлімде түйткіл пайда бола қалды.

– Сіз? Сіз ғой алғаш ашқан?

– Дәл таптыңыз, – деді шал масаттанып.

Еңсесін жазып, екі қолын кеудесіне айқастырып, көкірегін кере тұрды. Астыңғы ернін жымқыра тістеніп алған, екі езуінде, сығырая қараған кішкентай қой көздерінде мысқыл ойнайды.

– Түсінікті, – дедім мен. – Кеше кешке таптыңыз. Сізді әуел баста столымның маңынан жүргізбеуім керек еді. Шашыңыздың ағын сыйлады.

Шал басын шайқады.

– Қандай қызусыз. Бұл – қазаққа хас мінез емес. Бірақ мен сізді түсінем. Түсінгендіктен кешірем. Әйтсе де мына сөздеріңізді қайтып алуыңызға тура келер. Қателігіне өзіңіздің-ақ көзіңіз жетеді. Жүріңіз. Біздің үйге.

Екі ойлы қалыпта сәл тұрдым да, шалдың соңынан ердім.

Ортақ кухнялы коммуналдық пәтерде, жалғыз бөлмеде тұрады екен. Есікті ашқан бетте көзіме бірден түскен нәрсе – табалдырықтан төрге дейін жайылған газет болды. Жол кілем орнына төсепті. Бес қабат, он қабат, бәлки, жиырма, отыз қабат. Үстіңгісі ескіргенде бетіне жаңасы жабыла берген сияқты. Әйтпесе, бәрін бірдей алмастырып отыру үшін күн сайын бірнеше килограмм газет сатып алу керек болар еді. Шынында да солай екен. Шал босағаға резеңке табанды киіз бәтеңкесін шешті де, пальтосының төс қалтасынан бүктеле ширатылған бір бума газет алып, еденге төсеуге кірісті. Есіктен терезеге дейінгі аралыққа ұзынынан жайылған төрт газет жетеді екен.

– Жоғарылатыңыз, – деді маған, кілемін жаңартып болған соң.

Аяқ киімімді босағаға тастап, төрге шыққан соң ғана жан-жағыма бажайлап қарадым. Терезе жақ бұрышта арқалығы сыммен шандылған жалғыз орындық, сыры көшкен кішкентай стол тұр. Оң жақ қабырғада жалғыз кісілік, еңсіз, ұзын темір төсек. Қалған жердің бәрі, еденнен төбеге дейін иін тіресе қойылған кітап сөрелері. Алайда мен бір де бір сөренің ішінен кітап көре алмадым. Қабат-қабат мұқият қаланған папкалар. Жай қатырма тысты, немесе шүберек түпті, көкшіл, сұрғылт, қоңыр, қызыл, иә түсі оңған, әбден тозған, қашаннан тұрғаны, қайдан шыққаны белгісіз үлкенді-кішілі, жуанды-жіңішкелі папкалар.

Шал мені үйіндегі жалғыз орындыққа отырғызды да, есік жақтағы сөрелердің бірінен лидерин тысты жұқалтаң көк папканы алып келді. Теріс қарап тұрып ашты да, біраз ақтарып, іздеген нәрсесін тапты.

– Мінекиіңіз!..

Бұл – мен осыдан бір апта бұрын архивтен тапқан, ғылымға әлі белгісіз документтің фотокөшірмелері еді. Алты-ақ жапырақ қағаз. Соңғы алты күн емес, тұтас алты ай бойғы еңбегімнің нәтижесін мансұқ етті.

– Сіз жаңа менің ғалымдық қана емес, азаматтық намысыма да тиетін ауыр сөздер айттыңыз, – деді шал. – Соңғы апта бойы іс сіздің қолыңыздан шыққан жоқ. Қай уақытта көшірмесін алып үлгермекпін! Әйткенмен, күмәндану орынды. Мен өзім сол архивтің қызметкерімін. – Бұл мен үшін жаңалық еді. Шал өзім күнде баратын орталық архивте істейді деп ойламағам. – Сіздің қандай жаңалық ашқаныңызды біліп алып, арам ойымды жұмыс соңынан да жүзеге асыруым ықтимал ғой. Бірақ сіз мына фотоқағаздарға қараңыз. Кешелі-бүгінгіге ұқсамайды. Сарғаюға айналған. Бұл да сөз емес. Мен әдейі ескі қағаздарды әзірлеп қоюым мүмкін. Көрдіңіз бе, сіздің қалай ойлауға да хақыңыз бар. Бірақ, жігітім, өзің де жақсы білесің архивтерде қандай тәртіп барын. Тексеріп көр. Сол папканы қашан, кімдер ақтарды екен. Сен. Және мен. Осы екеуіміз ғана. Бірақ сенің фамилияңның тұсында “4-10 апрель, 1963 жыл” деген дата тұр. Ал менің фамилиямның тұсына... қалай ойлайсың? Менің

фамилиямның тұсына “7-25 март, 1956 жыл” деп жазылған. Жеті жыл. Бұл жаңалықты мен сізден тура жеті жыл бұрын аштым! Әне! Көрдіңіз бе?!

Жер болдым. Күйзелгенім соншалық, не айтарымды білмедім. Тіпті, манағы артық-ауыс сөздерім үшін шалдан кешірім сұрау да ойыма келмеді.

– Неге мезгіліне жариялатпадыңыз, – дедім бірталай үнсіз отырған соң, өзімнің жеңілгенімді мойындап.

– Уақытым болмады, – деді фотокөшірмелерді жиып алып, қайтадан папкаға салып жатқан шал.

– Қалай уақытыңыз болмады? Жеті жыл бойы. Сондай маңызды дүние...

– Шырағым, – деді шал мені мүсіркей арқамнан қағып. – Менің сөзіме илан. Бұл – түкке тұрмайтын нәрсе. Түкке тұрмайтын. Құнсыз дегенім емес. Құнды. Аса маңызды документ. Бірақ Шекспир айтқандай, достым Горацио, бұл фәниде біздің ойымыз түгіл түсімізге де кірмеген неше түрлі ғажайып сырлар бар. Ғылымда да солай. Әсіресе жаңа өркен жайған қазақ ғылымында. Теңіз тұрғанда тамшыға алдануға мұрша қане.

– Яғни, мына документ туралы мақала, зерттеу, тым кұрса анықтама жазған жоқсыз?

– Жоқ, – деді шал. Жалғыз ұлын бауырына қысқан балажан әкедей көк папканы кеудесіне баса құшақтап алған.

Көңілімде үміт сәулесі пайда болды.

– Рас, бұл документті алғаш тапқан сізсіз, – дедім мен. – Бірақ, жариялатқан жоқсыз. Дүниеде сондай нәрсе барын, оны бірінші боп ашқаныңызды өзіңізден басқа ешкім де білмейтін еді. Білмеген күйі жеті жыл өтті. Енді сол документті мен аштым. Сіздің көмегіңізсіз. Өз бетіммен. Рас па? Хақым бар ма солай деп айтуға.

– Әлбетте, әлбетте.

Үміт ұлғая түсті.

– Ал бұл дүниені жарыққа шығаруға сіздің уақытыңыз болмады. Пәленінші іс, пәлен санды тіркемеде сондай нәрсе жатқанын ғана білесіз. Ол туралы жазған ештеңеніз жоқ...

– Қысылмаңыз, айтыңыз, – деді шал.

– Айтсам, сіз жазбаған мақаланы мен жаздым. Толып жатқан пікір ұсындым. Нақты ғылыми байламдар жасадым. Мұның бәрі таза менің еңбегім. – Шал қолын ербеңдетіп бірдеңе айтпақ болып еді, тыңдамадым. – Менің еңбегім. Оған ешкімнің дауы жоқ. Әйтсе де, белгісіз документті алғаш ашқан сіз болғандықтан, мен мынандай ұсыныс жасамақпын. Мына мен жазған мақаланы қарап шығыңыз. Толықтыратын жерлеріңіз болса көрейік. Өзгеріс енгізетін жерлеріңіз болса ақылдасайық. Бірақ алып қосар ештеңе жоқ деп ойлаймын. Мұқият оқып шықсаңыз болғаны. Содан соң қолыңызды қойыңыз. Сіз екеуіміздің атымыздан жарияланады.

Шал мефистофель күлкімен мысқылдай жымиды. Мен әлдебір қастандық жасар деп қауіптенгендей, кеудесіне басып алған көк папканы сөредегі орнына апарып қойды да, шынысын сарт еткізіп жапты.

– Жоқ! – Қолын артына қайыра ұстап, носкишен жалаң аяғымен кілем-газеттерді сытырлатып, есіктен төрге қарай ерсілі-қарсылы жүріп кетті. – Жоқ! Жоқ!

– Неге? – дедім мен де орнымнан тұрып.

– Мен біреу жазған мақалаға қол қоя алмаймын

– Онда алдымен өзіңіз жазыңыз. Сіздікі мен менікін қосып, бір мақала жасайық.

– Менің уақытым жоқ, – деді шал. – Мен... мен... жазғым келмейді.

– Онда сау боп тұрыңыз. Мен өз атымнан жариялатам.

– Сіздің хақыңыз жоқ! – деді шал баж етіп. Жіңішке даусы ащы екен. Құлағымды жарып жібере жаздады.

– Неге?

– Алғаш ашқан менмін.

– Ал мен – менмін деймін.

– Олай емес қой. Өзіңіз де көрдіңіз ғой. Көрдің ғой өзің де, шырағым-ау. Көзің жетті ғой жаңа ғана. Мен ғой. Мен аштым ғой.

– Қайда барып, кімге дәлелдей аласыз? – дедім мен. – Кім сенеді жеті жыл сақтап отырғаныңызға?

Шал бірден басылды. Иығы қушиып, мойны салбырап кетті. Әп-сәтте шүйкедей боп қалды.

– Сіз ондай арамза іске барсаңыз мен бөгет жасай алмас ем... Бірақ сіз...

– Шал тағы да өзінің шибиген арық саусақтарының ұшымен менің жағамнан ұстады, – сіз – ақыл-ойға кемел, білімге жетік жассыз. Жағынып тұр деп ойламаңыз. Мен сізді алты ай бойы бақыладым. Қыздан зият жігітсіз. Айтыңызшы, мені құрт-құмырсқаша тапап өтіп, мына дүниені өз атыңыздан ғана жариялату ғалымдық, адамдық арға сыя ма. Әрине заң жүзінде сіздікі жөн. Ал мораль тұрғысынан алғанда ше?

Шалдың сөзі жүйелі еді. Жаңа деректі өз бетіммен тапсам да, оны менен бұрын танып, біліп үлгерген ақсақалдың келісімінсіз жарыққа шығаруға арым бармас еді. Бірақ айтқан сөзден қайтпадым. Шалға екі апта мерзім бердім. Мақала жазсын. Сонда жаңа табылған құнды документ екеуіміздің атымыздан жарияланады. Жазбайды екен – жалғыз өзім шабам.

Архив мекемесінің қызметкері Сәмет ақсақалмен мен осылай таныстым. Екеуіміз азап арбасын сүйрейтін ортақ камытқа осылай жегілдік.

Жас кезінде адам қатал болады. Рақымсыз болады. Сәмет – онсыз да денсаулығы нашар, жүрегі әлсіз адам еді. Қазір ойлап отырсам, ауруының асқынуына, ажалынан бұрын өлуіне бас себепкер мен боппын.

Ішінде құнды деректер бар тәрізді көрінген бірнеше папканы қаншама рет заказ берсем де ала алмай қойғам. Түптеліп жатады. Қалпына келтіріліп жатады. Жөнделіп, қайта тысталып жатады. Әйтеуір менің алдыма келмейтін бір себебі болады. Сәмет ақсақалдың осы архивте істейтінін білген соң-ақ көңлімде күмән туған.

Мәймөңкені қойып, тура бастыққа бардым. Папкалар тегіс орнында боп шықты. Сұраған адамға қажет нәрселерді осы уақытқа дейін тауып

бермеген Сәмет ақсақал сөгіс естіді, мен шаң басқан жуан папкаларды құшақтап залға аттандым. Енді Сәмет мені күн сайын жұмыс аяғында есік алдында күтіп тұруға айналды. Көрген сайын жүрегім мұздап кетеді. Сенгім келмейді. Сенбеуге тағы реті жоқ. Бірақ үйіне барудан бас тартам. Тіпті оған бейсауат сөз айтқызбауға тырысам.

– Мақала жазылды ма?

Сәмет иегі кемсендеп, ештеңе айта алмайды.

– Дұрыс, – деймін мен. – Үш күн уақытыңыз қалды.

Үш-төрт күн өткен соң кешқұрым тағы да есік алдында ұшырасамыз.

– Бітіріп әкелдіңіз бе? Жарайды. Енді бес күн мұрсат берем. Сізді жақсы көргеннен емес. Оған дейін өзімнің де қолым тимейді. Мен тағы да көп жаңа дүние таптым. Бұрынғы түк емес.

Бес күннен соң кездесеміз.

– Енді жеті күн мәулет, – деймін. – Сақалыңызды сыйлағаннан емес. Қолым босамай жатыр. Бүгін тағы бірдеңелер таптым. Әлі қарап тұрыңыз. Бұл – басы ғана. Архивтеріңіздің астын үстіне түсірем. Мен енді жарты жыл отырған соң мұнда басқа жұрт қарайтын ештеңе қалмайды. Сау тұрыңыз. Мақаланы ұмытпаңыз.

Аямадым. Ақсақалдығына да, аурулығына да қарағам жоқ.

Ол да мені ондырмады. Күз түсе, диссертациямның материалын жинастырып біткен кезде қоярда-қоймай үйіне шақырды. Белгісіздік жанымды жегідей жеп, өзім де шакқа жүргем. Бардым. Менде бар жаңа деректердің кейбірі алдымнан шығарына күмәнданбағам. Бірақ, – о керемет, – жыл бойы тірнектеп жинаған мүкәмалымнан түк қалмады. Бәрі де Сәметте бар, бәрі де Сәметке мағлұм боп шықты.

Не таңырқарымды, не қапаланарымды білмедім. Миым ауырлап, бас сүйегім шытынап бара жатты. Есімнен адасқанға жуық халде едім. Сонда да беріскем жоқ. Өзімнің ескі өлеңімді айттым. Ол жаттанды қайырмасын қайталады. Алайда, ешқандай күмән болуы мүмкін емес-ті: мен жеңілдім, ол жеңді.

Әрине, диссертация жазуыма болатын еді. Алдыма ешкім кесе көлденең тұра алмайтын. Ғылымға белгісіз, тың деректердің негізінде құралған еңбек маған қатардағы кандидаттың қарапайым дипломын ғана емес, үлкен абырой, атақ әкелуге, докторлық диссертацияға, оның соңын ала өз аяғымен келер профессорлық, академиктік атаққа жол ашуға тиіс еді. Бірақ өзіме ғана аян, деректерім тың емес, жаңалық деп ұсынатын көл-көсір материалдың ешқайсысы да соны емес. Бәрі де менен бұрын табылған, бәрін де менен бұрын біреу ашқан, көшіріп алған, фотоға, микрофильмге түсірген. Мұнымен келісу қиын еді. Әйткенмен амал қанша, ақиқат шындық солай-тын.

Мен дүниенің бар қызығынан жерідім. Өлгім келді. Шын өлгім келді. Бірақ сорыма қарай мен өзіме қатты сенетінмін. Ұлы адам екеніме, елден ерек туғанымға ешқашан күмәнданып көрмегем. Мен тағдырдың мазағына, өмірдің соққысына, дауылға, боранға, ештеңеге қарамастан, ұлы істер тындыруға тиіс болатынмын. Иә. Ұлы істер. Мен міндетті едім.

Сондықтан өле алмадым. Өлі денемді сүйретіп, өмір сүре беруге мәжбүр болдым.

Жаңа тақырып алдым. Өте сәтті тақырып. Күрделі мәселеге арналған. Қажетті материалдар Қазақстаннан аулақ жерлерде, Россия Сыртқы істер министрлігінің, Ішкі істер коллегиясының архивтерінде, Мәскеу мен Ленинградтағы әр түрлі сырлы қоймаларда ғана жатуға тиіс-тін. Мен тағы да қыс бойы жұмыс істедім. Аспирантураның бір жылы сарсаңмен өткен; бос жоғалтқан уақыттарымның орнын толтыру үшін күндіз-түні бірдей табан тартпай отырдым. Материалды қорытуға, ойлануға уақыт жетпеді, соңынан саралап алармын деп, қолыма ілінгенін шиге тізе бердім. Жаз шыға уһ деп дем алып артыма қарасам, әр түрлі үзінділер, сілтемелер тіркелген қағаздар, фотокөшірмелер, микрофильмдер үлкен екі шабадан бопты. Әлденеше кандидаттық диссертацияға жетер жүк. Арқалап алып, Москва – Алматы пойызына отырдым.

Пойыз Алматыға үш-төрт сағат кешігіп, түн ортасына таман жетті. Такси ұстадым да, шабадандарымды тиеген беті Сәмет ақсақалдың үйіне тарттым. Өлі жатпапты. Яғни, жатыр екен, әлі ұйықтамапты. Сырқат көрінді. Соған қарамастан түрегеп, киініп отырды. Көзі шүңірейіп, ұрты суала түскен. Бойы кенет ұзарып кеткендей. Сүйектері саудыраған тірі қаңқа. Көңлім күпті еді. Әйтсе де дәл осы жолы шалдың тырнағына ілінбейтініме сенгем. Бекер, алдамшы үміт екен. Мен тапқан, жинақтаған материалдардың барлығы да Сәмет ақсақалға белгілі боп шықты. Ана сөреден де суырып алады, мына сөреден де суырып алады. Фотокөшірмелер... ксерокөшірмелер... Жер, көкті басып кеткен көшірмелер... Рас, бәрі бірдей алдымнан шыққан жоқ. Алайда өзімде қалғаны – маңызы кемірек, екінші қатардағы, кәкір-шүкір нәрселер еді. Мен өзімді-өзім ұстай алмадым. Отыз ұлым бір күнде қазаға ұшырағандай, еңіреп тұрып жыладым.

Шал мені жұбатты.

– Қамықпаңыз, – дейді. – Филателистер бір марканың соңында өмір бойы жүреді. Өмір бойы қолға түсіре алмай кетеді. Өйткені, марка – бөтен адамда. Сатып алу керек, айырбастап алу керек. Ал біз ше? Өзімізге өзіміз иеміз. Кім қағады біздің қолымызды? Бәрі өзіңізге байланысты. Қаншалық еңбек еткеніңізге байланысты. Біздің кәсіптің артықшылығы да осында.

Содан соң мені бекіте түскісі келді ғой деймін, күш бере сөйледі.

– Сіз өте талантты жігітсіз, – деді. – Менің жеті жыл жасаған шаруамды айналасы жиырма айдың ішінде дөңгелетіп тастадыңыз. Екпінінің қатты. Мен өмір бойы тінтінектеумен жүрдім. Міне, мына сөрелер – қырық екі жылғы тынымсыз еңбектің жемісі. Ал сіз бұл қарқыныңызбен менің қырық жыл жасаған шаруамды он бес-он алты жылда тәмамдайсыз. Асса отыз тоғыз-ақ жасқа келеді екенсіз. Одан ары қаншама өмір бар. Өлі мені далада қалдырасыз. Ақиқаты сол. Заман сіздікі.

Тағы басқа да көп жылы сөз айтты. Сөзінен не пайда, барынды сыпырып алған соң. Бірақ Сәмет ақсақал ары таза, адамгершілігі зор кісі еді. Маған әуелгідей шарт қойған жоқ.

– Егер соншама сынға шыдай алмаймын деп қорықсаң, менен азатсың, – деді. – Ойыннан шық. Осының бәрін алғаш ашқан менмін де де жариялай бер, қорғай бер, алдыңнан кесе көлденең тұрмаймын.

Тұра алмайтын да еді. Қайталап айтайын, мораль мәселесін ұмыта салсақ, заң жүзінде әділдік менің жағымда еді. Бірақ мен бәрінен де бас тарттым. Бұл тақырыптың ешқандай қызығы қалған жоқ. Ғашық боп, қыз деп алған әйеліңнің бұрын әлдебір былапыт шалмен ашына болғанын білсең қайтер ең. Кешір, дөрекі теңеуім үшін. Мен де сондай сезімде болдым. Бәрін талақ еттім де, жаңа тақырып алдым. Аспирантураның үшінші жылы. Үшінші тақырып. Профессор қатты ренжіді. Ұрысты. Үгіттеді. Қайыспадым. Мені жақсы көретін еді, марқұм. Сенетін еді маған. Ақыры ырқыма көнді. Мен профессорымның алдында қандай беделді болсам, профессор да Ғылыми кеңестің алдында сондай беделді еді. Қоярда-қоймай, жаңа тақырыбымды бекіттіріп берді. Араға екі күн салмай Қазанға аттандым.

Қазан – түркі мәдениетіндегі қара шаңырақтың бірі. “И Қазан! Дәртлі Қазан, мұңлы Қазан, нұрлы Қазан!...” Е-ей, бауырым! Не жоқ дейсің онда. Туырылып жатыр. Сыңсып тұр. Күмп беріп ортасына түстім де кеттім. Бұл жолы бұрынғыдай жалаң тақырып қуғам жоқ. Қармағыма ілінген соны, тың дүниелердің бәрін жағаға шығарып, теңдей бердім. Не керек, шалқар теңіздің тұнығынан еркін жүзіп сусындадым, күз бойы, қыс бойы дүниені шайқадым.

Алматыға ерте көктемде келдім. Шаруам тәмамдалғандықтан емес. Жетекшімен ақылдасу керек еді. Және, жасыратын не бар, Сәмет ақсақалға кіріп шықпақпын. Тіпті ең басты шаруам осы. Бірақ мені үлкен сәтсіздік, сәтсіздік емес-ау, бақытсыздық күтіп тұр екен. Сәмет ақсақал дүние сапты.

Маған хат тастап кетіпті. Бір бет қағазға қиғаштай айдақтатып екі-ақ ауыз сөз жазған екен: “Бәрі де менде бар. Менде бәрі бар!”

Мен сендім. Сәмет ақсақалда менің жыл бойы тырбанып жинаған дүниемнің бәрі барына күмәнданғам жоқ. Әйтсе де өз көзіммен көргенге не жетсін. Марқұмның кітапханасы жөнінде сұрадым. Көршісі білетін боп шықты. Сәмет осыдан бірер квартал жерде тұратын ағайынына қалдырған екен, ол өзіне қажетсіз болғандықтан, комиссия магазиніне өткізіпті. Яғни сөрелерді. Ал сөрелерге жиналған папкалар жайын анық білмеді. Осы үйден шыққан кезде сөрелер бос болатын деді. Сәмет ақсақал өзінен әл тайғанын аңдаған соң бірнеше күн бойы ескі қағаздарын өртеді, жыртты, суға ағызды, әйтеуір түгел жойды. Сізге хатты содан соң ғана жазды деді. Сенбеске шарам жоқ-ты.

Бақталас адамнан құтылған соң менің бойым жеңілейді деп ойларсың. Жоқ. Керісінше. Тірі жүргені жақсы еді. Енді мен бар тыныштықтан айырылдым. Өйткені ғылымға беймәлім не нәрсе тапсам да, оны менен бұрын Сәмет ақсақалдың ашқан-ашпағанын анықтай алмайтын ем. Қандай соны деректің үстінен түссем де мұны мен аштым деп айта алмайтын ем. Менің өлгім келді. Соңғы үш жылдың ішінде осымен екінші рет. Бірақ үмітсіз – шайтан, менің болашақтан үмітім зор еді.

Өлмедім. Өле алмадым. Сәмет ақсақал құраған дүниенің шеті, шегі бары есіме түсті. Тұтас бір халықтың тарихына, өнеріне, әдебиетіне қатысты барлық деректерді, қандай данышпан болмасын, бір адамның жинақтап түгесуі мүмкін емес. Мен де түгесе алмаспын. Бірақ Сәмет ақсақалдан қабылетімнің де артықтығы, мүмкіндігімнің де молдығы күмәнсіз еді. Өзі де мойындағандай, марқұмның қырық екі жыл тірнектеп терген мүлкін менің он бес-жиырма жыл ішінде жинақтап бітіретінім ақиқат-ты.

Мен дүниеден баз кешіп, осы жауапты істің соңына түстім. Сендер үйлендіңдер, пәлен бөлмелі жаңа пәтер алып, түтін түтеттіңдер, бала-шағалы болдыңдар – менде соның бірі жоқ. Сендер тегіс кандидат атандыңдар, алдың докторлыққа аяқ басты – менде ешқандай ғылыми дәреже жоқ. Бірақ мен бәріңнен бақыттымын. Бәріңнен жоғарымын. Сендер алдамшы атақ соңында жүргенде мен үлкен шаруа тындырдым. Қыруар қазына бар менде! Міне, ғылым қуғаныма небәрі он-ақ жыл өтіпті, қаншама материал жинақталды. Иә. Бес-алты емес, үш-төрт жылда, енді үш-төрт жылда менің дүнием көлем жағынан Сәмет ақсақал қырық екі жыл жинаған дүниемен парапар болады. Сан жағынан. Ал сапа жағынан... сапа жағынан одан әлдеқайда асып түседі. Бірақ мен сонымен ғана тоқталмаймын. Ары кетем. Өйткені әлі қаншама құпия сыр бар ашылмаған. Қаншама қазына, баға жетпес қаншама қазына жатыр жер жүзінің архивтерінде!.. Е-ей шіркін, Стамбұл мен Лондонда бір-бір жылдан отырар ма еді...

Орталық кітапхананың алдына жеткен екеміз. Сембек те әңгімесін тәмамдағандай. Мен түршігіп кеткен едім. Не ойларымды білмедім. Не айтарымды білмедім.

– Мұның бәрі жақсы, – дедім ақыры. – Бірақ неге жарыққа шығармайсың? Неге жазбайсың?

– Ойбо-ой, бауырым, оған уақыт қайда? – деді Сембек. – Мен материал жинақтау үстіндемін. Межелеген шегіме тақап қалды. Енді жеті-сегіз жыл, ұзаса он жыл отыру керек. Сосын қолға алам.

Мен бұл жауапқа қанағаттанбадым.

– Сонда сенің іздеп жатқаның қандай нәрселер? Тапқан дүниелеріңнің ішінде не бар?..

– Бәрі бар! – деді Сембек. – Қазір өзімнің кім екенімді өзім де білмеймін. Сірә, тарихшы болуым керек. Оның үстіне мен әдебиетшімін, өнер зерттеушісімін. Фольклористпін, этнографпын. Өйткені менде бәрі бар.

– Не бар? – Досым мені мазақ етіп тұр деп ойлай бастаған ем.

– Жазған анау-мынауларыңды мұқият оқып жүрем. Әрнеден аз-маз мағлұматың бар жігітсің, – деді досым. – Ал білсең айтшы. XVI ғасырдың бас кезінде орыс мемлекеті мен қазақ хандығы арасында қандай байланыс болды?

– Қасым хан тұсында қазақ елі мен Москва арасында дипломатиялық қатынас орнаған, – дедім мен. – Бірақ қандай дәрежеде және қалай болғанын айту мүмкін емес. Іс қағаздары түгел өртеніп кеткен...

– 1812 жылғы Москвадағы өрт кезінде... “Игорь жорығы туралы жырдың” түпнұсқасымен бірге, – деді досым мырс етіп. – Самолеттер жоқ. Қазіргі артиллерия жоқ. Эвакуацияның қалай жүргенін, қаланы кім өртегенін және қашан өртегенін тағы білесің. Яғни ондай маңызды қағаздардың жойылып кетуі мүмкін емес еді...

– Немене, сен таптың ба? – дедім мен.

– Бұл қатынас қағаздардың саны өте көп еді және бәрі де қазақ тілінде жазылған болатын, – деді Сембек менің сөзіме тура жауап бермей. – Азаматтық тарихымыз үшін ғана емес, жалпы мәдениетіміз үшін қаншалық маңызы барын өзің де түсінерсің.

– Қайда екен? Сен шын таптың ба? — дедім мен дегбірсізденіп.

– Борис Годунов патша тұсында Рязань облысындағы Қасым қаласын билеген қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамед Ондан ұлы жайынан хабардар шығарсың, – деді Сембек менің сұрағымды мүлде естімегендей, сөзін одан ары сабақтап. – Ал сол Ораз-Мұхамедтің бай кітапханасы болғанын, ол кітапханаға араб, парсы, түркі ғалымдарының ғана емес, орыс жылнамашыларының да кітаптары жинақталғанын білемісің? Қайда сол кітапхана? XVIII ғасырда Абылай ханның тапсырмасы бойынша қазақ тарихы жазылды. Қайда сол тарих?

Сембек осындай риторикалық сұраулармен мені мүлде тұралатып тастады. Қарсы сауалдарымның ешқайсысына жауап қайырмады.

– Жарайды, – деді ақыры қашуға айналып. – Бос мылжындап уақытыңды алдым білем. Гуд бай.¹

Бірақ мен ақымақ боп қалғым келмеді. Жібермедім. Сонымен қатар тура сауал қоюдың да пайдасыздығын аңдаған едім. Қиялап кеп басқа жақтан сыр тартпақ болдым.

– Қайда істеп жүрсің?

– Бұрынғы жерде, – деді Сембек есінеп.

Басым әбден шатысып кеткен екен, Сембектің бұрынғы жері қайсы екенін есіме түсіре алмадым.

– Жүдеп кетіпсің, – дедім басқа сөз таба алмай. – Дем алу керек.

– Шаршағаннан емес, – деді Сембек. – Көңіл сүйген жұмыстан кісі шаршамайды. Шаршағаннан емес.

Жан-жағына қарап алды да, менің бір жас жігітті білетін, білмейтінімді сұрады. Білетін ем. Кейінгі кезде баспасөз бетінде қазақ фольклоры туралы бірнеше жақсы мақала жариялатты. Жаңылмасам, әлдебір ескі қаһармандық жырдың бұрын ғылымға белгісіз әрі көне, әрі көркем жаңа бір нұсқасын тапты-ау деймін.

– Нашар жігіт екен, – деді Сембек. – Мен оны үйге шақырып апардым. Көрсеттім. Ескерттім. Оның хақысы жоқ еді. Ешқандай моральдық хақысы жоқ еді. Бірақ қазіргі жастар тым дөкір. Ай-шайға қарамайды. Ұялмайды. Жариялатты да жіберді. Қазір күнде архивке келеді. Мен бақылап, қарап жүрмін. Оның таптым деп жатқан нәрселері тегіс менде бар. Бәрі де менде бар. Тағы да ескерттім. Тағы да айттым. Арсыз екен. Тыңдамайды. Осы арада ғана ойыма кеп тұр. Мен саған бір өтініш

¹ Сау бол. (Ағылшынша.)

жасайын. Ескі доспыз. Ол бала әлі қорғаған жоқ. Бірақ жұмысы дайын. Созуға болмайды. Қатты өтінем. Сенің ғылыми атағың бар. Именеді. Барсаң, сөйлессең қайтеді, а? Бәлки ақылына келтірерсің? Соның бәрін алғаш ашқан мен ғой. Әділдік қайда? Адалдық қайда?

Не айтарымды білмедім. Бір есептен Сембектің сөзінде қисын бар. Екінші тұрғыдан алып қарағанда, жас жігіттікі де дұрыс. Ақыры, бұл іске араласа алмайтынымды айттым.

Әлде опасыз санап, шын ызаланды ма, әлде ұялас көрді ме – Сембек мені тарпа бас салды.

– Сендер – бәрің бір қалыптан шыққан шикі кірпішсіндер, – деді. – Бәрің де ғылымның иісі мұрындарыңа бармайтын надансыңдар. Ештеңе білмейсіндер. Аяқтарыңның астында жатқанды көрмейсіндер. Сөйте тұра ғылыми атақ аласыңдар. Атақ алған соң да дір-дір етіп тұрғандарың. Тегіс сужүрексіңдер. Менің атағым жоқ. Сонда да ештеңеден қорықпаймын. Өйткені мен өзіме сенем. Өз құнымды білем. Мен турасын айтатын адаммын. Мына сен доктор болғалы жүрсің. Жалтармай-ақ қой. Жұрт айтады. Дақпырт сөздің өтірік болғанын көрген емеспін. Басқа мақсат, басқа тірлік жоқ сенде. Докторлық... докторлық... Ал татимысың сол атаққа? Осыны ойладың ба? А? Татымайсың. Сен білемісің...

Осыдан соң шынында да мен білмейтін ұзақ тізім кетті.

– Тыңда, – дедім Сембек алқынып барып тоқтаған кезде құшақтап арқасынан қағып. – Сен жаз.

– Қалай ойлайсың, – деді Сембек. – Ана баланікі дұрыс емес қой!

– Сембек, – дедім. – Мен сені түсінем. Бірақ сен бір нәрсені ұқпайсың. Осының бәрі не үшін? Мақсат не? Тоқсан мың жылқы айдап, бір бүтін шапан кимеген Қарабайдан қанша айырмаң бар? Қарабайды кешіруге болады. Өз малы. Ал сенің қоймаға тығып отырған дүниелерің кімнің малы? Сыртқа, жарық әлемге шығармай ұстап отыруға хақың бар ма? Қазақ атаңның қазынасы. Ал сен – алтын қақпаға қара құлып салған қылмыскерсің. Өйткені ғылым – филателия емес.

Сембек мен айтқан аксиомаларға назар аударған да жоқ.

– Баланікі дұрыс емес, – деді бар болғаны.

– Дұрыс, – дедім мен. – Сен өзің жинақтаған дүниелеріңді қашан отқа жағады, қашан жыртып, суға ағызады деп күтіп отыруы керек пе. Дұрыс оныкі.

Екеуіміздің он жылға созылған достығымыздың тамыры дәл осы арада үзілді. Мұны Сембектің жүзінен оқып білдім.

Бірақ оған тағы бірнеше ауыз сөз айтуды өзіме борыш санадым. Тапқан документтерін, ашқан жаңалықтарын жариялауы керегін, кейбір дүниелерді бастыру үшін, тіпті мақала жазып, әуреленудің қажетсіздігін, екі-үш сөйлемнен тұратын анықтаманың өзінің жететінін, ғалымдық ар, халық алдындағы борыш, тағы басқа жоғары материялар турасында айттым, қойшы, қыза-қыза талай жерге бардым. Бірақ Сембек илікпеді. Маған көңлі қалғанын жасырмады. Содан соң мен де сабама түстім. Суық айрылыстық.

Арада бірнеше күн өтті. Мен көп ойландым. Басында Сембек айтқан сөзге тегіс нанып ем. Алғашқы әсер көмескілене келе, осының бәрі бос сандырақ деген пікірге тоқтадым. Ұйқым түзелді. Асқа тәбетім де жақсарды. Бұрынғы адам қалпыма келдім. Тіпті өзімді абдыратқан әңгімені де, қырық екі жыл архивте отырып, қыруар жаңалық ашқан, ақыры қырық екі жол еңбек жазбай, өлер алдында бар қазынасын харап еткен кішкентай сары шал Сәметті де, оның ісін алға бастырушы мұрагері, өзімнің ескі досым, табиғат берген дарынын далаға шашып жүрген Сембекті де ұмытуға айналдым. Өзімді қатты толқытқан хикая – жас кезімде әжем айтқан ертегі іспеттес боп қалды. Бірақ кеше... яғни алдыңғы күні кешке таман мұның бәрі – өзімді алдау екеніне көзім жетті.

Жуан портфелімді аркалап, архивтен жаңа шыққан бетім еді, сайтандай сап ете түсті. Сәмет емес, әрине. Сембек. “Аңдамай” өте бермек әрекетім сәтсіздікке ұшырады. Дауыстап, атымды атап тоқтатып алды. Шаруасына амандық, саулықсыз, бірден кірісті.

– Мен білем, – деді. – Сен үлкен еңбек жазғалы жатырсың. Материалын жинап біттің. Соңғы аптадағы, әсіресе бүгін түстен кейінгі жұмысың аса сәтті болды. Бірақ масаттануға әлі ерте. Мұның бәрі баяғыда ашылған, белгілі нәрселер. Менде бәрі де бар. Сенбейсің бе? Өз көзіңмен көр. Жүр біздің үйге.

Мыйым айналып бара жатты. Сонда да әзәзілдің жетегіне ермедім. Аспанмен ұштым ба, жермен жүрдім бе, білмеймін, әйтеуір үйге жеткенде әйелім шошып кетті.

Құдайға шүкір, шалық шалған жоқ, дертке ұшырағам жоқ. Бірақ осы көргенім, осы естігенім ішіме сыймай бара жатты. Сыртқа шығармасам бырс етіп жарылып кететінімді сездім. Ақыры, әлденеше рет бастығырылып, әлденеше рет оянып, мыж-мыж боп ұйқыдан тұрған соң үш шыныаяқ қою шай іштім де, стол басына кеп отырдым. Күнұзақ шимайлап, түні бойы көшіріп, жиырма төрт сағат ішінде осы әңгімені жазып шықтым. Әйелім мәшіңкеге басты, балам оқып, қатесін тексеріп берді. Қалайда бүгін, жұмыс аяғына дейін үлгеруге тырысып, редакцияға қарай жүгірдім. Жолда келе жатып, мынадай ой түсті. Әңгіме жаздың – хош. Әйтіп-бүйтіп бастырамысың – жөн-ақ. Ал бес жыл бойы жиналған бір сандық материалды қайтеміз? Ғылымды не істейміз? Ақыры, редакцияның есігінен аттай бере ойдың ұшығына жеттім. Ғылымды қоямыз. Профессорлық атақтан жерігеннен емес. Қиындықтан қашқаннан емес. Сембектен қорыққаннан. Оның өзінен емес. Кебінен. Сол кепті киюден қорыққаннан.

Тәмәт тәмам.